

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Филология факультеті**  
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

**№8 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы.

28.04.2024 ж.

**Қатысқандар:**

**комиссия төрайымы:**

1. Қазыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

**Комиссия мүшелері:**

2. Д.Мутанова – PhD, аға оқытушы;
3. А.Даулетова. – ф.ғ.к., аға оқытушы;
4. Ы.Нұрмағанбетова – аға оқытушы;
5. Р.Бердалиева – ф.ғ.к., аға оқытушы;
6. Г.Макенова – оқытушы;
7. Д.Саржанова – докторант;
8. Ф.Маккамбаева – магистрант, 7M01708 – Шетел тілі: екі шетел тілі , МАШ-211 тобы
9. Ж.Жұмабекова – студент, 6B01719 – Шетел тілі: екі шетел тілі: (ағылшын және түрік тілдері), ФАТ-012 (F) тобы
10. С.Пернебай - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Шақырылғандар:**

11. Л.Ибрагимова - Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы
12. С.Мухитдинова - Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы
13. А.Өзтүрк -Филология факультетінің деканы
14. Ж.Суинжанова -Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

**Комиссия хатшысы:**

15. А.Қонысова - оқытушы

**Қатыспағандар: -**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфроқұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
2. Оқытудың инновациялық әдістері мен тенологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу
3. ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру.
4. Сәуір айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

**Тыңдалды:**

**1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы** Қазыханқызы Лазура сөз алып мәжіліс қатысушыларына және шақырылған қонақтарымызға қарастырылатын күн тәртібіндегі мәселелерді таныстыра отырып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша талқылауды ұсынды. Яғни оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфроқұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында

сауалнамалар ұйымдастыру қажет екендігін алға тартты. Келесі сөз кезегін алған оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Л.Ибрагимова бұл жүргізілетін сауалнама арқылы университетімізді дамыту мақсатында қажеттілігінің жоғары екендігін айта отырып, әрбір оқытушы профессор құрамының пікірі маңызды екендігін алға тартты. Сауалнама төмендегі келтірілген сұрақтар негізінде алынды:

1. Сіздің оқу орныңыздың өмірі туралы негізгі ақпарат көзі:

2. Сіз еңбекті ұйымдастыру жағдайларына және жұмыс орнының жабдықталуына қаншалықты қанағаттанасыз?

Университет өмірінде әр оқытушы мен қызметкерді қозғайтын көптеген түрлі жақтары мен аспектілері бар. Сіздің қаншалықты қанағаттанғаныңызды бағалаңыз:

1. Басшылықтың Сізге деген көзқарасы	<input checked="" type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
2. Басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысу	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
3. Сіздің табыстарыңыз бен жетістіктеріңізді мойындау	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
4. Әкімшілік қызметі	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
5. Еңбекақы төлеу шарттарымен	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
6. Еңбекті ұйымдастыру (оқу жүктемесін бөлу, сабақ кестесі және т. б.)	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
7. Оқу бөлімінің қызметімен	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
8. Оқу-әдістемелік бөлімінің қызметімен	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input checked="" type="radio"/>
9. СМЖ бөлімінің қызметімен	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
10. Ғылым бөлімінің қызметімен	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
11. Университеттің Кәсіподақ қызметімен	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
12. Еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігі	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
13. Жұмыс нәтижесіне қарай көтермелеу (марапаттау) жүйесі	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
14. Демалыс, санаториялық емдеу және т.б. жеңілдіктер берумен	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
15. Тамақтандыру, медициналық және басқа да қызмет көрсету жүйесі	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>

4. Сіздің ойыңызша, оқу процесінің қандай мәселелері бірінші кезектегі шешімді қажет етеді?

1. Оқу-әдістемелік әдебиеттің жетіспеушілігі

2. Қазіргі заманғы ТҚО-мен (оқытудың техникалық құралдары) нашар жабдықталғаны

3. Аудитория тапшылығы

4. Оқу пәндерінің студенттері, оқытушылар үшін таңдау мүмкіндігінің болмауы

5. Өндірістік практиканы ұйымдастыру

6. Оқу жоспарларының жетілмегендігі

7. Зертханалық база жеткіліксіз

8. Ғылыми зерттеулер деңгейі

9. Жауап беруге қиналамын

9. Сіздің ойыңызша, оқу процесін және оқытушылардың кәсіби қызметін жетілдіру үшін не істеу қажет ((қызметкерлердің) (жазыңыз)

**Шешім.** Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфроқұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында алынған сауалнамалар қанағаттанарлық деп табылсын.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша факультеттің деканы А.Өзтүрк сөз кезегін ала отырып, факультетімізде оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру мақсатында мониторинг жүргізу қажет екендігін айта отырып, факультетіміздің оқытушы профессор құрамы мен білімгерлерді жұмылдыруды ұсынды. Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Суинжанова келесі сөз кезегін алып, оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру мақсатында ОПҚ-ы семинар тренинг, көптеген іс-шаралар ұйымдастыру арқылы мониторинг жүргізуге болатындығын айтты.

Комиссия құрамының мүшесі Г.Макенова Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушысы Мейрбекова Гульнара «False friends in Translation» тақырыбында оқу-әдістемелік семинарын 19.04.2024 күні сағ. 16.30-17.30 арасында Филология факультеті 308-аудиториясында өткендігін сонымен қатар аударма тәжірибесіндегі «Жалған достар» концептісінің рөлі мен маңызы және оны оқыту барысы, аталмыш концептіні оқыту барысында қолдануға мүмкін 3 платформа және білім алушылардың сабақты меңгеру деңгейін бағалауға арналған 2 платформа жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізгендігін айтып өтті. 04.03.2024 күні Түрік тілі кафедрасының кафедраның PhD, аға оқытушысы К.Семиз «Түркі тілдес халқына түрік тілін үйрету мәселесі» тақырыбында семинар тренинг өткен. Ал 20.03.2024 күні кафедраның аға оқытушысы, ф.ғ.к. Ш.Қарсыбекова «Қазақ тілін өзге ұлт дәрісханасында үйретудің тиімді әдістері» тақырыбында семинар өтті.

Осы тұрғыда комиссия мүшелері өзара талқылау барысында ОПҚ-ы мен білімгерлердің арасында қолданылған ұтымды оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіруілі жайлы көзқарастарын білу мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылып, қадағалансын деген бір шешімге келді.

**Шешім:** Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізіліп, қадағалансын.

3. Үшінші мәселе бойынша кәсіптік бағдар жұмыстарына жауапты оқытушылар. Түркістан қаласының барлық мектептерінде кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралы қазақ-түрік университетінде оқитын студенттер контингентін көбейту мақсатында Түркістан облысына қарасты аудандардың мектеп бітірушілері арасында кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу жұмысы ұйымдастырылған болатын.

2023-2024 оқу жылының Кәсіби бағдар жұмысын Филология факультетіне қарасты білім беру бағдарламалары бойынша Түркістан қаласы, Ахмет Ясауи кәсіби колледжінде, Түркістан қаласы, М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназиясында, Түркістан қаласы, М.Маметова атындағы №6 жалпы орта мектебінде, С.Сейфуллин, М.Маметова №16 Т.Бигельдинов, №15 М.Жұмабаев, №2 Хамза, №22, №5 Ф.Мұратбаев, Ш.Ниязов, №17, Кентау қаласындағы № 4 (Кентау), №16 (Кентау) № №1 (Кентау), №14 (Кентау), Түлкібас мектебі, Алғабас орта мектебі, №68 Сырым Датұлы орта мектебі, №11 Манкент жалпы орта мектебі, Ибрагим ата жалпы орта мектебі, Айша бибі жалпы орта мектебінде Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті туралы жан-жақты мәліметтер берілді, университет, факультеттер мен мамандықтар туралы роликтер көрсетіліп, баннерлер ілініп, буклеттер таратылып, мамандықтар жарнамасы жасалды. Кәсіби бағдарға барған әр оқытушы өз мамандықтарының ерекшеліктеріне тоқталып, университеттің басқа университеттерден ерекшеліктерін (оның ішінде, 4 тілде дәріс жүргізілетінін, Түркия квотасы туралы, дүние жүзіндегі түркітілдес халықтардың балалары оқитынын, университет түлектерінің сапалы білім алып, шет елдерде және елімізде сұранысқа ие

екендігі туралы, шетелдерге академиялық ұтқырлықпен білім ала алатын мүмкіндіктері бар екендігі туралы, т.б.) сөз етіп, мектеп бітіруші түлектермен сұхбат жүргізді. Оқушылар да сұрақтар қойып, университетімізді білетінін, жыл сайын университетіміз ұйымдастыратын «Ясауи олимпиадасына», «Ақ қауырсын» конкурсына қатысқандарын жеткізді.



Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы маманы С.Мухитдинова сөз кезегін алып ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру мақсатында талапкерлерге кәсіби бағдар жүргізу іс-шараларының маңызды орын алатындығын алға тартатынын айта отырып өз пікірін білдіріп өтті.

**Шешім:** Талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігі жоғары деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы: *К. Омар* Қазыханқызы Л.

Мәжіліс хатшысы: *А. Қонысова* Қонысова А.